

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ICZN1957>***Е. М. Солтанаева¹, Л. Н. Дәуренбекова², Е. Адаева³**¹Әл-Фараби атындағы Қазақ

ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²А. Құсайынов атындағы Еуразия

гуманитарлық институты,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

³Н. Назарбаев университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8273-3571>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2590-1898>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9044-6182>*e-mail: gulkataim@gmail.com

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ АУДАРМАЛАРЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ӘДЕБИЕТТАНУ КОНТЕКСТІНДЕ

Мақалада Ә. Бөкейханның Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы гуманистік дүниетанымдағы Л. Толстой, В. Короленко, Д. Мамин-Сибиряк секілді орыс жазушыларынан жасаған көркем аудармалары қарастырылады. Зерттеушілер аударманы салыстырмалы әдебиеттану контекстінде ала отырып, аударманың өзекті идеяларды таратушы ретіндегі коммуникациялық, делдалдық қызметіне назар аударады. Отаршылдық езгіге қарсы идеялардың бір әдебиеттен келесі әдебиетке көшіп, бір ұлттың тарихи шындығы келесі ұлттың көркем шындығына ұласуын мысалдармен көрсетеді.

Ә. Бөкейханның орыс жазушыларының мәдениеттер тоғысындағы ұлтаралық мәселелер қозғалатын мәтіндерін таңдап аударуындағы мақсаты қазақ халықының ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, ұлттық мүддені көздеу екендігі айқындалып, өз мақалаларындағы үндес ойлармен дәлелденеді.

Зерттеушілер Ә. Бөкейхан т.б. алаш қайраткерлерінің Д. Мамин-Сибиряк шығармаларын қазақ тіліне аударып, баспасөз бетінде, жеке кітаптар ретінде жариялауы арқылы қазақ жазушыларының натурализм ағынының кей көркем техникасын игеріп алып кетіп, сол ағым аясында өз шығармаларының жазылуына

ықпал еткенін айқындайды. Яғни көркем аударманың белгілі бір көркем ағымдардың қазақ әдебиетіне енуіне, кеңінен таралуына тигізген ықпалын, жасампаздық қызметін саралайды. XX ғасыр басындағы аудиторияның өзгешелігін ескеріп, сол қоғам үшін икемдеп адаптациялық тәржімге стратегиясын Ә. Бөкейхан еңбегінде пайдаланғанын саралайды.

Кілтті сөздер: аударма, салыстырмалы әдебиеттану, отаршылдық, балама аударма, идея, адаптациялық тәржімге.

Кіріспе

Батыс Еуропа ғалымдары көркем аударманы салыстырмалы әдебиеттану аясында қарастыруды сонау XIX ғасырда-ақ өз зерттеулерінде қолға алған. Отандық әдебиеттануда компаративист ғалымдар М. Әуезов, Ш. Сәтбаева, И. Габдиров, З. Ахметов, Ө. Күмісбаев, Б. Майтанов, Т. Есембеков, Б. Мамраев, С. Ананьева, М. Маданова, С. Сүтжанов, А. Машакова, Е. Солтанаева, Л. Дәуренбекова т.б. өз еңбектерінде бұл тәсілді кеңінен қолданған.

Ә. Бөкейхан – ірі қоғам қайраткері ғана емес, сондай-ақ XX ғасыр басында өз тұсындағы аудармашылармен салыстыра қарағанда аса өнімді еңбек еткен аудармашы. Алайда оның осынау мол мұрасы жетпіс жылдық кеңестік кезеңде әдеби процестен түсіріліп тасталды. XX ғасыр басындағы қазақ-орыс, қазақ-еуропа әдеби байланыстары аясында да сөз етілмеді. Тек аударма теориясы тұрғысынан Ә. Сатыбалдиев өзінің «Рухани қазына» атты еңбегінде Л. Толстой шығармаларының аудармаларын салыстыра қарастырып, аударушысын атамай тек 1924 нұсқа деп, оны «еркін аударманың ең тұрпайы түрі» деп бағалайды [1, 135-б.].

Тәуелсіздік алған соң баспасөз беттері мен жекелеген жинақтары арқылы және Ә. Бөкейханның 9, 15 томдық шығармалар жинағының арқасында қазақ оқырманы оның еңбектерімен молынан танысуға мүмкіндік алды. Енді Ә. Бөкейхан аудармаларын әлем әдебиетіндегі әдеби, тарихи деректермен салыстыра қарастыру өзекті. Соның арқасында XX ғасыр басындағы әдеби үрдіске кеңінен көз салып, еленбей келе жатқан детальдарға көз жүгіртуге, ұлттық әдебиеттердің даму үдерісін бақылауға мүмкіндік аламыз.

Материалдар мен әдістері

Көркем аударманы түрлі ғылым салалары өзіне нысан етіп алып, оны лингвистикалық, әдебиеттанушылық, мәдениеттанушылық, психопoeтикалық, әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан қарастырып келеді.

Ә. Бөкейханның біраз тәржімелерін лингвистикалық тұрғыдан белгілі ғалым, профессор Ш. Құрманбайұлы, Д. Мамин-Сибиряқтың «Баймақан» әңгімесін Қ. Кемеңгер, А. Чеховтің «Хамелеонын» Ә. Өскен, О. Уайльдтың «Жұлдыз баласын» Г. Түсіпова, Эзоп пен Л. Толстойдың мысалдарының

аударылу ерекшеліктерін Е. Солтанаева, В.Г. Короленконың «От», Л. Толстойдың «Сурат кофейнесі» шығармаларын Л. Дәуренбекова қарастырған.

Сондай-ақ аударма әдеби байланыстардың негізгі формасының бірі ретінде көрініс тауып, мәдениетаралық коммуникацияда маңызды рөл атқарады. «Тілаларлық әдеби байланыстардағы аударманың бастапқы орнын анықтау үшін оның туған топтырағындағы қандай жаңа эстетикалық құндылықтарды туғызды деген ойларды қарау керек» деп аударманың жасампаздық қызметін жоғары бағалап, оны салыстырмалы әдебиеттану жүйесінде қарастырған орыс ғалымы П. Топердің әдісін пайдалана отырып, біз зерттеу материалы ретінде Ә. Бөкейхановтың Л. Толстой, В. Короленко, Д. Мамин-Сибиряк секілді авторлардан жасаған көркем тәржіме мәтіндерін алып, мәдениетаралық, тарихи, әдеби процесс контекстіндегі синхрондық байланыстағы өзге мәтіндермен де, түпнұсқамен де салыстыра талдаймыз [2, 17-б.].

Мақаланы жазу барысында ғылыми материалдар мен әдістер қолданылды. Зерттеу материалы ретінде жарық көрген ғалымдардың ғылыми еңбектері (диссертация, монография, мақала т.б.) алынды. Жұмыс барысында алға қойылған мақсат-міндеттерге орай аударма, мәтіндерді интерпретациялау барысында салыстырмалы-салғастырмалы, тарихи-салыстырмалы, типологиялық әдістер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Ә. Бөкейхан 1900–1927 жылдар аралығында көркем, саяси, іскерлік және ғылыми мәтіндерді қазақ тіліне аударып «Қазақ», «Ақжол», «Сәуле», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» секілді баспасөз беттерінде ұдайы жариялап отырған. Олардың біразы жеке кітап ретінде Мәскеуден Кеңес одағындағы елдердің кіндік баспасынан шыққан. Аудармашының таңдаған авторлардың ішінде Эзоп, Л. Толстой, В. Короленко, Н. Маркес, А. Чехов, И. Тургенев, Д. Мамин-Сибиряк, О. Уайльд, Б. Джеймс, Ги де Мопассан секілді жазушылар бар. Іріктеу үстінде аудармашы ең әуелі шығарманың көркемдік-идеялық мазмұнына, сол арқылы насихатталатын құндылықтарға баса назар аударғанын көреміз.

Орыс жазушыларынан Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы гуманистік дүниетанымдағы Л. Толстой, В. Короленко, И. Тургенев, Д. Мамин-Сибиряк секілді авторларды таңдаған. Мәселен, Л. Толстойдың «Қажы Мұрат» повесін аударып, кей тарауларын алғаш «Ақ жол» газетінде, кейін 1924 жылы жеке кітап етіп басып шығарған. «Бір адамға қанша жер керек?» шығармасын аударып, «Жаңа мектеп» журналында жариялаған. Екі шығармада да жазушы орыс ұлтынан өзге халықтардың образын сомдап, бірінде башқұрттардың, бірінде кавказдықтардың өмірін, олардың өзіндік

салт-санасы мен тіршілігін бейнелеген. «Қажымұратта» өзінің еркіндігі мен ар-намысы үшін күресіп, патшалық ресейдің жандайшаптары мен шешен феодалдарының қыспағында қалған адамның күресі көрсетілген. ХХ ғасыр басында жасалған аудармалар, әрине, біршама еркін жасалған десек те, аудармашы мәтіндегі идеологемалық маңызды мәдени концептілерді, ұғымдарды дұрыс тауып аударуға тырысады. Мысалы, «Қажымұратта» орыс империясы өкілдері мен кавказдықтардың арасындағы қарым-қатынастарды орнатуда әйелдердің бейбітшілікті сүйгіш қасиеттері, сөз талғаудағы олардың ақылмен емес, жан-жүрегімен сезіп әрекет ететіні жақсы көрініс тапқан. Шығармадағы Марьяның образы да осындай. Ол Қажымұрат үшін «отбасы», «әулет» ұғымдарының маңызды екенін білген соң, кішкентай алты жасар ұлын да осы бір кездесуге ерте келіп, таныстырып, ақжарқын әңгіме айтып, достық ниетін байқатады. Қажымұрат балаға өз қанжарын сыйға тартқанда да, екі мәдениеттің түйісетін жерлерін, екі ұлт үшін де құнды, екеуін жақындастыра түсетін ортақ бастауларды Марья өз сөздерінде, әзілінде талғап айтады. Мысалы, «Марья Васильевна говорила ему, что если он будет отдавать всякому кунаку ту свою вещь, которую кунак этот похвалит, то ему скоро придется ходить, как Адаму...» делінген шығармада [3]. Дәл осы сөйлемді Ө. Бөкейхан аудармасында: «Қонақ мақтаған нәрсені қонақ басы сыйласаң, жақын арада Адам атамыздай жап-жалаңаш қаларсың дейді Мәкен ханым Қажымұратқа» деп берген [4, 39-6.]. Яғни жазушының мұсылман дініне де, христиан дініне де ортақ бастау – Адам мифологемасын әдей қолданып отырғанын жақсы түсінген аудармашы «Адам атамыз» деп орынды аударған. Мұндағы ең алғашқы адамның атын айтуынан-ақ жер бетіндегі барлық адамның бір-біріне бауыр екендігі меңзеледі.

Ө. Бөкейхан философиялық және этикалық тұрғыдан ұқсас, демократтық бағыттағы жазушылардың патшалық отаршылыққа қарсылық сипаты бар шығармаларын таңдап аударғанын көреміз. Солардың бірі – В. Короленко. Ол – адам құқықын қорғаған әрекеттері үшін патша үкіметі тарапынан Сібірге жер аударылып, біраз шығармаларын айдауда жүріп жазған жазушы. Оның Вышний Волочек түрмесінде жазған «Чудная» очеркін Ө. Бөкейхан қазақ тіліне «Жұмбақ қыз» деп аударып, 1927 жылы жариялаған.

В. Короленко кейіпкері өте жас, тіпті бала деуге келетін жұмбақ қыздың басынан кешірген оқиғасын баяндау арқылы саяси тұтқындардың қиын тағдырын тақырып етіп алған. Жұмбақ қыз – өзінің көзқарастары мен ұстанымдары үшін күресіп, сол үшін саяси жазықты болып, жер аударылған жан. Оқиға осы жазаны жүзеге асыруға міндеттелген қарауылшы жігіт Ыстапанның әңгімелеуі арқылы жеткізіледі. Нарратор жұмбақ қыздың қайсар мінезіне таңырқай қарайды. Бұл тұсы шығармада былай берілген: «Как тут она крикнет, – даже Иванов и тот от нее попятился. Гляжу я на

нее – лицо побледнело, ни кровинки, а глаза потемнели, и злая-презлая... Ногой топает, говорит шибко, – только я, признаться, хорошо и не слушал, что она говорила... Смотритель тоже испугался, воды ей принес в стакане. «Успокойтесь, – просит ее, – пожалуйста, говорит, сами себя пожалейте!» Ну, она и ему не уважила. «Варвары вы, говорит, холопы!»» [5].

Аудармасында: «Қыз келіп ақырғанда, Ибан екеш Ибан да көткеншектен шегініп кетті. Мен қызды көрдім: бетте бір белгі қан жоқ, жыландай ақсұр, өзі удай ашулы...

Аяғымен жерді теуіп-теуіп жіберіп, қайнаған судай сақылдап сөйлеп берді. Абақтының бағушысы да қорқып кетті, қызға ыстақанмен су әкеліп берді де:

– Сабыр-сабыр, – деп сұрайды да: – Өзіңізді өзіңіз аяңыз! – дейді.

Қыз оны тыңдамады да:

– Сендер тағысыңдар, құлақ кесті құлсыңдар! – деп ақырды» [6, 279-б.].

Түпнұсқа мазмұны ғана емес, ондағы көңіл күй де аудармада пара-пар жеткізілген. «Попятился» дегенді «көткеншектен кетті», «топает» дегенді «жерді теуіп-теуіп жіберіп», «говорит шибко» дегенді «қайнаған судай сақылдап сөйлеп берді» деп кейіпкерлер әрекетін бейнелейтін етістіктерді ұтымды таңдап ала білгендігінен де үзінді аудармасы сәтті шыққан. Яғни аудармашы түпнұсқадағы эмоцияларды аудармада барынша ұқсатып беріп, динамикалық баламалыққа қол жеткізген. Қыздың «Варвары вы, говорит, холопы!» деген лебізін «Сендер тағысыңдар, құлақ кесті құлсыңдар!» деп беруін аудармашының саяси-әлеуметтік дискурсқа бағыттаған жасырын сәлемдемесін қазақ оқырманы қабылдай алады. Аудармашы да жазушы секілді халықтың еркін рухын, санасын ояту үшін намысын сөзбен камшылайды. Адам құқы үшін күресуге шақырады.

Шығармада қызды тұруы керек деген ояздыққа апарғанша, қыз өзін меңдеген ауруына қарамастан, жауын-шашын, дауылға, жол қиындығына қарамастан өзін өте қайсар қалпында ұстап, ешкімнің өзін аяуына жол бермейді. Тіпті қарауылдың жаны ашып айтқан ақылын да тыңдамайды, берген асына тиіспей, жеке отырып тамақ ішеді. Қарауылдың берген тонын «Өз тонынды өзің ки» деп өзіне қайырады. Қарауыл жаны ашыған соң, «Тон менікі емес, қазнанікі, заң жазған тұтқынға тон бұйырады» деп алдап жатып, қызға кигізеді.

Шығармадан билік пен жеке адамның қатынасы, заң мен қоғам, заң мен жеке адам, пікір еркіндігі тағы өзге де маңызды рухани-адамгершілік мәселелер көтеріледі.

Ө. Бөкейхан аударылып отырған шығармасындағы көркем шындықты мейлінше дәл бейнелеуге тырысады. Мәтінде автор тілінде, кейіпкерлер сөзінде, кездесетін іскери лексика терминдерін қазақ тіліне мазмұндық

баламаларын жасап ұсынады. Мысалы, срок – кесім уақыты, инструкция – ақылшы хат, донесение – шағым, сектантка – құлхуалла құлы, соқыр сопы деп аударады.

Шығармада елеулі кейіпкердің бірі – Резен баласы. Ол – біршама жұмсақ көзқарастағы, иі жұмсақ адам. Қарауылдың дін жолымен келіп басын игеніне: «Да ведь и враг тоже человек бывает...» деп басу айтады. Аудармашы мұны «Жау да адам баласы...» деп дұрыс жеткізген. Шығарма соңында идеологемалық мәні зор «Ну, да бог с вами, руку вам подаю, – желаю вам когда-нибудь человеком стать – вполне, не по инструкции...» [5] деген жолдарды «Сізге не деп те болады, міне қолым! Болашақта адам санына кіруіңізді, ақылшы хаттан тысқары шын адам болуыңызды тіледім» деп жөн аударған [6, 289-6.]. Ыстапанның бұл жұмыстан кетем деген шешім шығаруына себепкер болған қыздың осы сөзі. Бұл сөздердің мәні терең. Түрліше интерпретация жасауға келеді. Соның бірі – өзінді іштей ірітіп, құрытатын нәрсені істемей, біреудің айдауымен жүрмей, өзінді іздеу, өзіңнің жан қалауынды жасау. Тағы да жан еркіндігі, ой еркіндігі, пікір еркіндігі деген құндылықтар алға шығады.

Ыстапанның: «Қыз ақсүйектен бе?» деген сұрағына Резен баласы: «Боярского, говорит, или не боярского, а уж порода такая: сломать ее, говорит, можно... Вы и то уж сломали... Ну, а согнуть, – сам, чай, видел: не гнуся этикие» [5] деп жауап қатады. Мұнда айыптау да, образды түрде адам табиғатын, ерекшелігін түсіндіру де бар. Әділетсіздікке көнбейтін, құлдық ұрып басын имейтін, ұстанымы үшін күресетін адамның табиғаты. Аудармада: «Ақсүйек пе, ақсүйек емес пе... Осы сықылды қарағайдай қайыспайтын нәсіл бар, шортынан сынады... Сіз сындырдыңыз... Иілмейді, өзіңіз де көрдіңіз ғой, июге қандай икемді екенін» деп берілген [6, 289-6.]. Аудармада «қарағайдай» деген теңеуді ұлттық дүниетанымға сай кіріктірген. Тілімізде қарағайдай қайыспайтын, қарағайға қарсы біткен бұтақ деген тіркестер қалыптасқан. Сондай-ақ бұл тіркес қазақ оқырманына «...Қарағайға қарсы бұтақ біткенше...» деген атақты отарлық езгіге қарсы батыл күрескен Махамбет ақынның өлеңін еске салады. Яғни аударма мәтінге аллюзиялық мән үстелген. Көзі қарақты оқырман қабылдауында «қарағайға қарсы бұтақ біткенше» өлеңіндегі ақырып теңдік сұрайтын, бостандықты талап ететін, халықтың қамы үшін туатын адам идеясымен интертекстуалдық байланыс туады. Осындай идеологемалық мәні бар тұстың барлығы аудармада емеурінмен сәтті жеткізілген. Шығармадағы кісі аттары, жер-су аттары қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына бейімделіп алынған.

К. Маркс пен Ф. Энгельстен аударған «Комунистік жар» атты кітабының алдына аударушыдан берілген алғысөзінде: «...оқушы жастарға лайықтап аударып отырмыз. Сондықтан қолдан келгенше кітаптың негізгі мағынасына

залалсыз етіп, жеңілдетпекпіз» деген [7, 243-б.]. Аудармашы мазмұнға кесірін тигізбей, ең алдымен, оқырманға тілдік тұрғыдан лайықтап беруді мақсат еткенін көреміз. Бұл тек бір мәтінге ғана емес, жалпы Ә. Бөкейхан өзінің аудармашылық еңбегінде басшылыққа алған ұстаным деп қабылдауға болады. Аудармашы жазушы стилін беру, мәдени маркерленген лексиканы жеткізу деген міндеттерді алдына қоймаған. Ол барынша еркін аударма жасаған және тілі қазақы дүниетанымға сай лингвомәдени ерекшелігі анық көрінген.

Француз тілшісі Ж. Мунен аударманың тек тілдік операция емес екенін, ал аударылып отырған романның әр беті романның толық контекстінде, ал ол романды жазушының жалпы шығармашылығының контекстінде, ал жазушы шығармашылығын өз кезеңінде өмір сүрген замандас жазушылар шығармашылығы контекстінде, сол роман өскен рухани климатын, романның тарихи, әлеуметтік, географиялық, мәдени контекстерін де қарау керек дейді [2]. Егер XX ғасыр басындағы әлеуметтік, саяси, мәдени байланыстарға зер салатын болсақ, түркі халықтары арасындағы қарым-қатынас мықты болғанын көреміз. «Қазақ-татар мәдени, әдеби байланыстары» туралы зерттеген ғалым С. Сүтжанов: «Патша үкіметінің экспансиялық әрекеттері көзі ашық, мақсат-мүддесі ұқсас туыстас халықтармен тығыз қарым-қатынас орнатқан қазақ интеллигенциясын қатты толғандырды», – дей келе, татар халқы батыстық мәдениетінің озық үлгілерін сіңіріп, Шығыс пен Батыс арасындағы көпір секілді болғанын айтады [8].

Ал Батыс Еуропа әдебиетінде XIX ғасырдың өзінде түрлі ұлттардың азаттық көтерілістері мен колониализм мәселесі, расалық мәселелер мен мәдениетаралық қатынас тәжірибелері көркем шығармаларда ашық талқыланып жатқан. Мәселен, тек Ж. Верннің «Патша шабарманы» (1876) деген қазақ жеріндегі көтеріліс, «Алау ішіндегі архипелаг» (1884) деген Грециядағы тәуелсіздік үшін соғыс, «Бу үйі» (1880) деген Индиядағы сипайлар көтерілісі, «Шандор Матиас» (1885) деген венгр патриоттарының Австрия басқыншыларымен күресі, «Лифляндиядағы драма» (1904) деген эстондықтар мен латыштардың остзей барондарына қарсылығы, «Дунай лоцманы» (1908) деген болгарлардың азаттық соғысы жанама түрде қамтылған шығармалары жарық көрген еді. «Он тоғызыншы ғасыр оқырмандары үшін бұл қызықты оқиғалар болып саналғанымен бұл алғашқы ғылыми-фантастикалық шығармалар отаршылық және империя тақырыбымен тығыз байланысты» дейді Т. Феррис Ж. Верн мен Г. Уэлс романдары жайлы зерттеуінде [9, 3-б.]. Кеңесары Қасымұлының көтерілісін шығармасына арқау еткен Ж. Верннің «Патша шабарманы» романы Ресейде 1900 жылы «Михаил Строгов» деген атпен И. С. Тургеневтің жәрдемдесуімен жарық көрген еді. 1872–1874 жылдар аралығында И. Гаспринский орыс жазушысы Тургеневтің хатшысы болғанын, сол арқылы Жюль Вернмен танысып,

әңгімелескені туралы мәліметтерді М. Әбсеметов өз зерттеуінде жазған еді [10]. Кіші ұлттарды жою пиғылындағы патшаның отарлық саясатына қарсы ақылды әрекеттер жасап, халықты ғылым-білімге үндеген татардың ұлы ағартушысы И. Гаспринский опат болғанда «Қазақ» газетінде: «...Ресейдегі күллі мұсылман халқы бүгін өздерінің мағынауи атасы дәрежесінде болған ұстаздарынан айырылып жетім қалып отыр», – деп, газеттің бірнеше санына бөліп, оның өмір жолын, ағартушылық еңбегін бағалап, оның Шығыс пен Батыстың түрлі шахарларын аралап жүріп білім жиғанын, бейнеттеніп жүріп «Тәржіман» газетін шығарып, таратқанын жазған. Онда: «...Иван Катков «М. Ведомости» атты газетаның аса ұлтшыл жазушыларынан болып, ылғи түріктерге тиіп, түрікті қорлап жазады екен. «Атаңа кім тисе, дұшпасың сол» дегендей, әркім өз ұлтын сүйе, өз ұлтына қызмет ету керек екендігін Исмағұл мырза сол Катковтың үйінде жүргенде ұққан», – дейді [11, 434-б.]. Бұдан И. Гаспринскийдің өз істерімен жалпы түркі халықтарына, Ресей империясындағы күллі мұсылман халықтары, түркі жұртшылығы үшін рухани шабыттандырушы, идеяларды себушы болғанын көреміз.

Ә. Бөкейхан аудармаларын салыстырмалы әдебиеттану контекстінде қарастыра отырып, ол аударманы, ең алдымен, маңызды идеяларды жеткізуші, таратушы ретіндегі коммуникациялық қызметке жеккенін көреміз. Халықтар арасындағы қатынастарды бейнелейтін, отарлық езгі, саяси наразылық, ұлт үшін үлгі боларлық рухани-адамгершілік тақырыбындағы шығармаларды таңдап аудару арқылы ұлттық бірегейленуді, ұлтты ұйыстыру секілді қоғамдық миссияны көздегенін баса айту керек. Тіпті «Қазақ» газетіндегі материалдарды беруде сыртқы және ішкі хабарлар деп беріп, сыртқы хабарға әртүрлі елдердегі болып жатқан жағдайларды, сол елдердегі ғылым-білімнің жетістіктерін беруінің мәні ұлтымыз өзін өзге елдермен тең көрсін деген ниет, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру болды.

Ә. Бөкейханның Д. Мамин-Сибиряктан аударып, 1926 жылы «Жаңа мектеп журналының» № 7–8 санына жариялаған әңгімесі – «Қара ханым». Әңгіме башқұрт жеріне келіп аш халыққа егін егіп, бақша салуды үйреткен, мектеп ашқан мейірбан қара киімді әйелдің әрекеттеріне арналған. Әңгіме өте әсерлі, көзге жас алмай оқу мүмкін емес. Ашыққан башқұрттың Жүзбасы деген ауылын, балалар мен әйелдердің халін, ұсақ-түйек детальдарына дейін үңіліп, бүге-шігесіне дейін сипаттаулар бар. Қара ханымның ылғи қара жамылып жүретіні оның да өз қайғысының болуы, шиеттей екі баласынан айрылғаны себеп екен. «Наш Бог велит всех любить, а любовь – жизнь... Я просила у Бога смерти, а Он велел мне жить... [12]. Аудармада: Біздің құдайымыз адам баласының бәрін бауыр көр, сүй дейді. Сүйістің өзі – өмір-тіршілік... Мен құдайдан өлім тілеп едім, о маған тіршілік ет деп әмір

етті... [13, 503-б.] Көріп отырғанымыздай, әңгіменің негізгі пәлсапасын аудармашы дәлме-дәл жеткізген. Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» жолдарымен интертекстуалдық байланыс туғызатын бауыр көру деген идеяны үстеген. Ә. Бөкейхан Абайдың алғашқы өлең жинағын 1909 жылы редакциялап шығарғаны белгілі.

Д. Н. Мамин-Сибиряқтың «шетсіз-шексіз өз отанындағы кішкентай ұлттар мәселесіне» көңіл бөліп, дәрменсіз халін баспасөз бетінде жариялау арқылы олардың қиын жағдайына билік назарын аударту болған да шығар. Дегенмен шығармада өзінен дамуы төмен елдерге көмек қолын созған, оларға еңбек етуді үйреткен, жүрегі кең, христиан дінінің жолындағы орыс адамы арқылы империяшыл көзқарас байқалады. Бұратана халықтарға білім нұрын себуші, жабайы халықтарды жарылқаушы, бар игілікті тегін таратушы, мейірімді орыс халқының өкілі, яғни Қара ханым, бұл сол кездегі орыс қоғамның идеологиялық тапсырысы деп қарауға да болады. Қаншама ғасырлар бойы аман-сау келе жатқан халықтың осындай аянышты халге түсуі патшалық отаршылдықтың себебінен еді. Шұрайлы жайылымдық жерлерінен айырылған, көшпенді өмір салтынан күштеп ажыратылған, енді жаңа отырықшылық салтқа ілесе алмай, аштан өліп, жойылып бара жатқан халықтың трагедиясы еді бұл.

Аудармашының осы шығарманы таңдап алып аударуындағы ой, ең алдымен, өз халқына да кәсіп үйрену керек, адамзатты бауыр деп сүю керек дегенді мегзеу болса, екінші жағынан өзге елдің, яғни башқұрлардың мысалында қазақ халқына малыңнан айырылсаң, ертең сен де аштыққа ұрынасың деген ескерту бардай. Себебі Ә. Бөкейханның көшпелі тірлікті жақтап, көшпенділіктен ажырамау керек деп ескерткені, сол көшпелі тірліктегі мал бағу кәсібі қолынан жақсы келгендіктен, әрі қазақ жері сол мал шаруашылығына қолайлы болғандықтан, қойдың тұқымын асылдандыру секілді мәселелерді өз мақалаларында ұдайы жазып отырған.

Д. Н. Мамин-Сибиряк шығармашылығын кең көлемде зерттеген И. А. Дергачев өзінің «Д. Н. Мамин-Сибиряк в литературном контексте второй половины XIX века» атты кітабының бір тарауын «Мамин-Сибиряк және Золя» деп атап оны жазушы шығармашылығындағы натурализмнің көріністерін талдауға арнаған. Әрине, француз жеріндегі натурализм ол тек көркем техника емес, әуелде идея, сезім, адамгершілік, саяси идеалдардан туындаған ағым ретінде көрініп, Золя сол ағымның жарқын өкілі ретінде өз шығармаларында терең «әлеуметтік талдаулар» жасаған. Золя романдары орыс әдебиетінің біраз өкілдеріне, атап айтсақ, М. Салтыков-Шедрин, Г. Успенский, Ф. Нефедов, Д. Мамин-Сибиряк секілді жазушылар шығармашылығына ықпалын тигізгенін көптеген зерттеуші атап өткен. И. Дергачев кітабында Ф. Норристің Золя шығармашылығына қатысты

пікірлерін береді. «Натурализм романтизм мен реализмнің барлық жетістіктерін бойына біріктірген. Натуралистер романтиктерден адам тұлғасы мәселесіне деген ерекше қызығушылығын алып, адамға деген қызығушылықты сақтай отырып, ал реалистерден детальдардың шынайылығын алған. Тіпті Норрис Золяны романтик деп есептейді. Себебі оның басты жетістігі гуманизм болып табылады», – дейді [14, 143-б.]. Біздіңше, Ф. Норрис пайымы өте дұрыс. Себебі бір ағымның келесі бір ағымға ұласуы, бір бағыттың келесі бір бағытқа ауысуы өзіне дейінгі дүниелерді сіңіріп барып жүзеге асады. Ол – әрқашан бірінен-біріне ұласып, бірінен-біріне айналып кетіп отыратын жатық құбылыстар легі, бірте-бірте жүзеге асатын прогресс. Кез келген ағым мен бағыт өзіне дейінгі кезеңнің жетістіктері негізінде өрістеп, тек идеялық тұрғыдан жаңа ойлармен толысқанда жарылыс сынды түрленіп, өзгереді.

Қазақ әдебиетіндегі ағымдар мен әдістерді зерттеген профессор Ж. Жарылғапов натурализм қазақ әдебиетінде де толық бағыт ретінде қалыптаспаса да, Б. Майлин, С. Ерубаев, Ж. Аймауытовтың бірнеше әңгімелерін, кей повестері мен романдарының құрылымдық бөліктерін осы ағымның аясында қарастыруға болатынын көрсеткен. Шығарма кейіпкерлерін Золя кейіпкерлерімен салыстырып, көптеген типологиялық ұқсастықтарға көз жеткізеді. Қорыта келе, ғылым: «Бейімбет қыр қазағының қарапайым тұрмысын, аңғал да аңқау мінезін әртүрлі ракурстан алып қарастыруы жағынан шығармашылығының өне бойында Урал адамдарының тұрмысы мен тағдырын жырлаған, «Орыстың Золясы» атанған натуралист жазушы Мамин-Сибирякпен жақындықтары айқын аңғарылады», – дейді [15, 230-б.].

Ж. Аймауытов та, Б. Майлин де жалпы Д. Н. Мамин-Сибиряк шығармашылығымен, Алаш қайраткерлері Ә. Бөкейхан, М. Жұмабаевтың Д. Мамин-Сибиряктан жасаған тамаша аудармаларымен таныс болған деп сеніммен айта аламыз. Себебі осы әңгімелер жарияланған шақта «Жаңа мектеп журналының» тұрақты авторлары қатарында Ж. Аймауытов та бар еді, ал Б. Майлин осы уақытта «Еңбекші қазақ» газетінде жұмыс істейтін. Оның үстіне бұл жазушылар орыс жазушыларын түпнұсқадан да оқып, аудармалар жасайтын. Мәселен, Ж. Аймауытов А. Пушкиннен, Н. Гогольден, В. Гюгодан, Ф. Дюшеннен, С. Чуйковтан, ал Б. Майлин В. Бонч-Бруевичтен, Р. Быковтан, В. Воробьевтан тәржіме жасаған.

Яғни аударма белгілі бір жазушылардың шығармашылығын танытып қана қоймай, бір көркемдік тәжірибенің келесі бір әдебиетте көрініс табуына, таралуына ықпал етеді екен. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жас жазушылардың (Б. Сәрмекова, Е. Әбікен) шығармашылығынан натурализмнің элементтерін, Золя шығармашылығымен ұқсастықты аңғарып, анықтаған зерттеушілерге, жазушылардың өзі Золяны еш уақытта оқымағанын айтып ақталады.

Иә, олардың оқуы шарт емес. Бірақ олар Жүсіпбек, Бейімбет, Саттар шығармашылығымен таныс, оны сүйіп оқыған. Олардың тәжірибесі арқылы өздеріне сіңіріп, қабылдаған. Гуманитарлық салада байланыс көбіне рухани атмосфера арқылы жанама түрде жүзеге асатын кезі болады. Орыс теоретигі А. Бушмин көрнекті әдеби қайраткерлер өзіне дейінгі тәжірибелерді игеріп, жеткізуші әрі өзінен кейінгі ізбасарлар шығармашылығы арқылы жалқы қоғамдық игілік ретінде көрінетінін жазған [16, 39-б.].

Осылайша көркем аударма арқылы қазақ әдебиетіне натурализм ағымының көркем техникасының келуін, таралуын көруге болады. Аударма сыны – аударманы жетілдіре түсу, олқылықтардан арылу, жақсы үлгілерді алып кеңге жайып тарату, ұтымды тәсілдерді көпшілік қолдану үшін насихаттау ғана емес, оны әдеби контактілер контекстінде қарастырғанда, оның (әдеби сынның) әдеби деректерді анықтап, сипаттап, жүйелеп, идентификациялап, сосын талдап-талқылау арқылы әдеби дамуды бақылауға мүмкіндік беретін қасиеті көрінеді.

Жоғарыда талданған әңгімелерің барлығында христиан дінінің сарындары, христиандық реалилер бар. Мысалы, «церковь – шіркеу», «Рождество – Иса туған мейрам» деп алғанымен, «поп» дегенді «молда», «по-христиански полагается» дегенді «дін жолымен», «просквиря – дөңгелекше нан» деп қазақ оқырманына лайықтап жеткізеді. Бұл аудармашының саяси қайраткер ретіндегі өз көзқарастарымен қабысады. Ол «Г. Думадағы депутаттарға ашық хат» деген мақаласында патшалықтың аз ұлттарға жүргізіп отырған орыстандыру, діннен айыру саясатына наразы болып «... Жер жұмысының бас мекемесі қазақтардың арасына православи дін таралып, орнығып беку үшін, Дала облыстарындағы халықтарды орыс патшалығына тезірек жақындатып, жұтқызып сіңіру үшін, орыс мәдениетіне қосылып, олар орыспен бірдей орыс болып бірігу үшін қазақтар мен орыстарды бірге қала қылып отырғызуды ұнатып, жаратқандығын һәм солай айтуды тілейтіндігін хабар қылып, білдіріп отыр» деген қауіп айтқан еді [17].

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР19679312 «Алаш қайраткерлерінің аударма еңбектеріндегі адамзатқа ортақ құндылықтар» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Ә. Бөкейхан шығармада насихат етілетін құндылықтарға баса назар аударғанын көреміз. Олардың арасында бірінші кезекте мысал, аңыз, тәмсіл жанрлары арқылы жеткізілген рухани-адамгершілік құндылықтардан бөлек, XIX ғасыр соңында орыс әдебиетіндегі өзге халықтар тақырыбын көтеріп, патшалық отаршылық езгісіндегі кіші халықтардың мәселесін көтерген, көп және аз ұлыстардың қатынасын, олардың тарихына көзқарасын көрсететін

демократиялық дүниетанымдағы жазушылар шығармашылығындағы әңгімелер арқылы елдік мұратты көздейтін, бауырмалдық, еркіндік, теңдік секілді саяси құндылықтарды көруімізге болады. Ә. Бөкейхан орыс жазушыларының шығармаларынан жасаған аудармалары ең әуелі XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының идеологиялық, саяси, рухани-эстетикалық сұраныстарынан туындап, сол кезеңдегі және өзінен кейінгі әдеби процеске едәуір ықпал еткен.

Жалпы, Алаш қайраткерлерінің аудармаға қойған талаптары ескеріліп, сол заман аудиториясының өзгешелігін ескере отырып, сол қоғам үшін икемделіп аударылған еді. Олар мәтінде берілген ақпаратты оқырман жеңіл қабылдайтындай, дұрыс түсінетіндей етіп адаптациялық тәржіма стратегиясын пайдаланғанын көреміз. Мұның барлығы Әлихан аудармаларында көрініс тапқан.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Сатыбалдиев, Ә.** Рухани қазына [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1965. – 240-б.

2 **Топер, П.** Перевод в системе сравнительного литературоведения [Текст]. – М. : Наследие, 2000. – 254 с.

3 **Толстой, Л.** Хаджи Мурат [Электронный ресурс]. – <https://www.litres.ru/book/lev-tolstoy/hadzhi-murat-172380/chitat-onlayn/>

4 **Толстой, Л. Н.** Қажы-Мұрат [Мәтін]. – М. : «Красный Восток», 1924. – 180-б.

5 **Короленко, В.** Чудная [Электронный ресурс]. – http://az.lib.ru/k/korolenko_w_g/text_0010.shtml

6 **Короленко, В.** Жұмбақ қыз [Мәтін] // Бөкейхан Ә. Шығармалары. ХІҮ т. – Астана : «Алашорда», 2018. – 530-б.

7 **Маркс, К., Энгельс, Ф.** Коммунистік жар [Мәтін] // Бөкейхан Ә. Шығармалары. ХІІІ т. – Астана : «Алашорда», 2018. – 610-б.

8 **Сутжанов, С.** О казахско-татарских культурных и литературных связях [Текст] // Вестник Омского университета, 2018. – № 3. – С. 84–86.

9 **Ferris, T.** The Scientific Romances of Jules Verne and H. G. Wells : Imperialism disguised as progress in the early days of science fiction. – New York : Hunter College, 2019. – 54 p.

10 **Әбсеметов, М.** Кітап және оның авторы туралы бірер сөз [Мәтін] // Верн Ж. Патша шабарманы : роман / Орыс тілінен ауд. Е. Жаппасұлы. – Алматы : Дәуір-Кітап, 2013. – 276-б.

11 Түрік баласы. И. Гаспринский [Мәтін] // «Қазақ» газеті. 1915 жыл. Екінші кітап. – Алматы : «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 512-б.

- 12 **Мамин-Сибиряк, Д. Н.** Кара Ханым [Электронный ресурс]. – <https://rustam-bikbov.livejournal.com/50366.html>
- 13 **Мамин-Сибиряк, Д. Н.** Кара ханым [Мәтін] // Бөкейхан Ә. Шығармалары. XIII т. – Астана : «Алашорда», 2018. – 610-б.
- 14 **Дергачев, И. А.** Д. Н. Мамин-Сибиряк в литературном контексте второй половины XIX века [Текст]. – Екатеринбург : Изд-во Урал ун-та, 1992. – 224 с.
- 15 **Жарылғапов, Ж. Ж.** Қазақ прозасы : ағымдар мен әдістер [Мәтін] : Монография. – Қарағанды : ЖПС «Гласир», 2009. – 400-б.
- 16 **Бушмин, А.** Преемственность в развитии литературы [Текст]. – Ленинград : «Худож. лит.», 1978. – 224 с.
- 17 **Daurenbekova, L.** The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe [Text] // Cadernos de Tradução. – Graduate Program in Translation Studies Federal University of Santa Catarina. – Brazil, 2024. – 44(1). ISSN 2175–7968. – <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>.

References

- 1 **Satybaldiev, A.** Ruhani kazyna [Spiritual Treasure] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1965. – 240 p.
- 2 **Toper, P.** Perevod v sisteme sravnitel'nogo literaturovedeniya [Translation in the system of comparative literature] [Text]. – Moscow : Heritage, 2000. – 254 p.
- 3 **Tolstoj, L.** Hadzhi Murat [Hadji Murat] [Electronic resource]. – <https://www.litres.ru/book/lev-tolstoy/hadzhi-murat-172380/chitat-onlayn/>.
- 4 **Tolstoj, L. N.** Kazhy-Murat [Hadji Murad] [Text]. – Moscow : «Red East», 1924. – 180 p.
- 5 **Korolenko, V.** Chudnaja [Marvelous] [Electronic resource]. – http://az.lib.ru/k/korolenko_w_g/text_0010.shtml.
- 6 **Korolenko V.** Zhumbak qyz [Mysterious girl] [Text] // Works by A. Bokeikhan. Volume XIY. – Astana : «Alashorda», 2018. – 530 p.
- 7 **Marx, K., Engels, F.** Kommunistik zhar [Communist wife] [Text] // Works by A. Bokeikhan. Volume XIII. – Astana : «Alashorda», 2018. – 610 p.
- 8 **Sutzhanov, S.** O kazahsko-tatarskih kul'turnyh i literaturnyh svyazjah [Text] // Bulletin of Omsk University. – Omsk, 2018. – № 3. – P. 84–86.
- 9 **Ferris, T.** The Scientific Romances of Jules Verne and H. G. Wells : Imperialism disguised as progress in the early days of science fiction [Text]. – New York: Hunter College, 2019. – 54 p.
- 10 **Absetmetov, M.** Kitap zhane onyn avtory turaly birer soz [A few words about the book and its author] [Text] // Verne J. The Tsar's Courier : A novel / translated from Russian by E. Zhappasovich. – Almaty : Dauir-Kitap, 2013. – 276 p.

11 Turik balasy. I. Gasprinskij [I. Gasprinsky] [Text] // Newspaper «Kazakh». 1915. Second book. – Almaty : Public Foundation «Alashorda», 2023. – 512 p.

12 **Mamin-Sibiryak, D. N.** Kara Xanym [Kara Khanum] [Electronic resource]. – <https://rustam-bikbov.livejournal.com/50366.html>.

13 **Mamin-Sibiryak, D. N.** Kara Xanym [Kara Khanum] [Text] // Works by A. Bokeikhan. Volume XIII. – Astana : «Alashorda», 2018. – 610 p.

14 **Dergachev, I. A.** D. N. Mamin-Sibiryak v literaturnom kontekste vtoroj poloviny XIX veka [Mamin-Sibiryak in the literary context of the second half of the 19th century] [Text]. – Ekaterinburg : Izd-vo Ural un-ta., 1992. – 224 p.

15 **Zharylgapov, Zh. Zh.** Qazak prozasy : agymdar men adister : monografiya [Kazakh prose : trends and methods : Monograph] [Text]. – Karaganda : ZhIIS «Glasir», 2009. – 400 p.

16 **Bushmin, A.** Preemstvennost v razvitii literatury [Continuity in the development of literature] [Text]. – Leningrad : «Art. lit.», 1978. – 224 p.

17 **Daurenbekova, L.** The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe [Text] // Cadernos de Tradução. – Graduate Program in Translation Studies Federal University of Santa Catarina. – Brazil, 2024. – 44(1). ISSN 2175–7968. – <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>.

11.03.25 ж. баспаға түсті.

15.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Е. М. Солтанаева¹, Л. Н. Дауренбекова², Е. Адаева³*

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Еуразийский гуманитарный институт имени А. Кусаинова,
Республика Казахстан, г. Астана;

³Назарбаев университет,
Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 11.03.25.

Поступило с исправлениями 15.04.25.

Принято в печать 26.05.25.

ПЕРЕВОДЫ АЛИХАНА БОКЕЙХАНА В КОНТЕКСТЕ СРАВНИТЕЛЬНОГО ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ

В статье рассматриваются художественные переводы А. Бокейхана таких русских писателей, как Л. Толстой, В. Короленко, Д. Мамин-Сибиряк, которые придерживались гуманистического

мировоззрения против колониальной политики России. Исследователи разбирают перевод в контексте сравнительного литературоведения, обращая внимание на коммуникационную, посредническую деятельность перевода как распространителя актуальных идей. На примерах показано, как идеи против колониального гнетения переходят из одной литературы в другую, а историческая реальность одной нации переходит в художественную реальность другой.

Цель А. Бокейхана при выборочном переводе текстов русских писателей, освещающих межнациональные проблемы на стыке культур, заключалась в формировании национального самосознания казахского народа и продвижении национальных интересов, что подтверждается созвучными мыслями в его статьях.

Исследователи отмечают, что А. Бокейхан и др. деятели алаш переводя на казахский язык произведения Д. Н. Мамина-Сибиряка и публикуя их в печати, как отдельные книги, способствовал проникновению натурализма в казахскую литературу, побудив писателей создавать произведения в его рамках. То есть они дифференцируют созидательную деятельность и влияние художественного перевода на проникновение, формирование, широкое распространение в казахскую литературу тех или иных художественных течений. Учитывая специфику аудитории начала XX века, они анализируют использование адаптационной стратегии перевода для этого общества в работе А. Бокейхана.

Ключевые слова: перевод, сравнительное литературоведение, колониализм, альтернативный перевод, идея, адаптивный перевод.

*Y. M. Soltanayeva¹, L. N. Daurenbekova², E. Adayeva³

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²A. K. Kussayinov Eurasian
Humanities Institute,
Republic of Kazakhstan, Astana;

³Nazarbayev University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 11.03.25.

Received in revised form 15.04.25.

Accepted for publication 26.05.25.

TRANSLATIONS OF ALIKHAN BOKEIKHAN IN THE CONTEXT OF COMPARATIVE LITERATURE

The article examines the artistic translations of A. Bokeikhan of such Russian writers as L. Tolstoy, V. Korolenko, D. Mamin-Sibiryak, who upheld a humanistic worldview in opposition to Russia's colonial policy. Researchers analyze the translation in the context of comparative literary studies, paying attention to the communication and mediation functions of translation as a distributor of relevant ideas. The examples show how ideas against colonial oppression pass from one literature to another, and how the historical reality of one nation passes into the artistic reality of another.

A. Bokeikhan's goal in selectively translating texts by Russian writers, who are dealing with interethnic issues at the junction of cultures, is to form the national identity of the Kazakh people and pursue national interests, as reflected in the parallel themes of his articles.

The researchers note that A. Bokeikhan and other figures of Alash, translating the works of D. N. Mamin-Sibiryak into Kazakh and publishing them in print as separate books, contributed to Kazakh writers adopting naturalism and integrating it into their works. That is, they differentiate the creative activity and the influence of literary translation on the penetration, formation, and widespread dissemination of certain artistic trends in Kazakh literature. Taking into account the specifics of the audience of the early 20th century, they analyze the use of an adaptive translation strategy for this society in the work of A. Bokeikhan.

Keywords: translation, comparative literature, colonialism, equivalent translation, idea, adaptive translation.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz